

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТИ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ
БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ



050038, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71
Тел. 377-33-34 қос.1202

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

ФАКУЛЬТЕТ БИОЛОГИИ И
БИОТЕХНОЛОГИИ

050038, г. Алматы, проспект аль-Фараби, 71
Тел. 377-33-34 доп.1202

12-23 № 999 25 05 2018ж.

6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесіне ізденіс үшін жасалған «*Echinops.L* туысы түрлерінің өсімдік шикізатынан алынған экстракттың технологиясын жасау және стандарттау» диссертациялық тақырыбына PhD-докторант Киекбаева Лашын Нуртасовнаға ғылыми жетекші, биология ғылымдарының кандидаты Ахтаева Нурсулу Зияхановнаның

ПІКІРІ

Дәрілік құралдарды алудағы өсімдік шикізаттарының алатын орны әсіресе синтетикалық құралдармен емдегендегі токсикоаллергиялық аурулардың көбеюіне байланысты ерекше. *Echinops L.* туысының эндем түрі Қазақстандық ақсабақ лаксаның (*Echinops albicaulis Kar. et Kir*) химиялық құрамын зерттеп, потенциалды ББЗ бөліп алудың оңтайлы әдістерін ашу және алынған заттар негізінде сапалы экстракттың технологиялық аспектілерін зерттеу және оларды стандарттау өзекті мәселе болып саналады.

Киекбаева Лашын Нуртасовна зерттеу жұмысының барысында ақсабақ лакса өсімдік шикізатының фармакогностикалық және химиялық құрамын толық зерттеп, құрамындағы әсер етуші негізгі биологиялық қосылыстарын заманауи әдістермен тиімді экстракт түрін анықтаған. Ақсабақ лакса (*Echinops albicaulis Kar. et Kir*) өсімдік шикізатының *in vitro* жағдайында антибактериалық, антиоксиданттық, антималяриялық, антилейшманиялық белсенділікке ие экстракт алудың технологиялық аспектілерін зерттеген. Арасынан биологиялық тиімділігі жоғары негізгі субстанция сұрыпталынды. Сапасына тиісті сипаттамалар жасалып стандартталды, тұрақтылығы мен өткір уыттылығы зерттелді.

Киекбаева Лашын Нуртасовнаның диссертациялық зерттеулері С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ «Инженерлік пәндер курсымен, технологиялық пәндер курсымен дәрілер технологиясы» кафедрасында, АҚШ-тың NCNPR- Табиғи заттарды зерттеу ұлттық ғылыми орталығында жасалынды.

Докторант Киекбаева Л.Н. АҚШ-тың NCNPR- Табиғи заттарды зерттеу ұлттық ғылыми орталығында ғылыми стажировкасын жоғары нәтижелермен өтті.

Докторант Л.Н. Киекбаеваның зерттеу нәтижелері ғылыми басылымдарда, алыс және жақын шетелдерде халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдар жинағында 20 ғылыми жұмыс, сондай-ақ рецензияланатын ғылыми басылымдарға кіретін Web of Science 0,648- импакт-факторлы 1 мақала, Scopus халықаралық деректер базасында 4 мақала, 1 пайдалы модельге тапсырыс –патент жарияланған. Л.Н. Киекбаева алдына қойған зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жоғарғы дәрежеде орындады деп санаймын.

Докторант Л.Н. Киекбаева тәртіпті, жұмысына жауапты, алдына қойған мақсаттарына жетуге ұмтылатын жас зерттеуші және педагог дегім келеді. Білім алушылар мен оқытушылар арасында өте сыйлы.

Киекбаева Лашын Нуртасовнаның «*Echinops.L* туысы түрлерінің өсімдік шикізатынан алынған экстракттың технологиясын жасау және стандарттау» атты диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс ретінде “Ғылыми атақ беру бабының ” талабына толық жауап береді.

Киекбаева Лашын Нуртасовнаның докторлық диссертациясы өзінің өзектілігі, методикалық деңгейі, зерттеу нәтижелерінің жаңалығы, практикалық және теориялық құндылығы жағынан жоғары бағаланып, автор 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесіне лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші
Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің
өсімдіктер биоморфологиясы
лабораториясының меңгерушісі,
биология ғылымдарының кандидаты



Н.З. Ахтаева